

## Мақала туралы мәлімет / Содержание

«ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых «МОЛОДЕЖЬ И НАУКА: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»

The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «YOUTH AND SCIENCE: PRESENT AND FUTURE»

<b>Жинақ</b>	IV, Атырау, 8/04/2026, 2026 ж.
<b>ISBN</b>	978-601-262-638-4
<b>Секция</b>	СЕКЦИЯ IV. ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ / ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ Секция IV.II. Цифрлық технологиялар жағдайындағы құқықтық жүйені дамыту және құқық қолдану тәжірибесі / Развитие правовой системы и практика правоприменения в условиях цифровых технологий
<b>Жинақтағы рет нөмірі</b>	№ 092
<b>Мазмұндағы беті</b>	463
<b>Жарияланған беттері</b>	463-469
<b>Автор(лар)</b>	Сабидуллина Айзада Зайдоллаевна
<b>Мақала атауы</b>	ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ СОТ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ: МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ШЕКТЕУЛЕРІ
<b>Мазмұндағы жазылуы</b>	Сабидуллина А.З., Тажгарина Б. Қ. ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ СОТ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ: МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ШЕКТЕУЛЕРІ

Ескерту: бет нөмірлері жинақтың соңындағы «МАЗМҰНЫ» бөліміндегі жарияланған беттерге сәйкес берілді.

**«ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ СОТ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ: МҮМКІНДІКТЕРІ  
МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ШЕКТЕУЛЕРІ»**

**Сабидуллина Айзада Зайдоллаевна**

[s.aizok06@gmail.com](mailto:s.aizok06@gmail.com)

«Құқық қорғау қызмет» білім бағдарламасының 3 курс студенті

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, з.ғ.м., сеньор-лектор -Тажгарина Б. Қ.

Адамды өзге тіршілік иелерінен ерекшелейтін қасиеттерінің бірі оның «интеллектісінің» болуы. Яғни «табиғи интелект» адамға туа біткен сәттен дариды және өмір бойы сол адамның тұлғасында болады. Интелект- латынның «intellectus», яғни түсіну, ойлау,

кабылдау деген сөзді білдіреді. Адамзатқа тән ақпаратты ойлау, түсіне білу және қорыту процесі болып табылады. Біздің жануарлардан ерекшелігіміз осы бір тұста байқалады. Бұл ерекше қасиет өзге тіршілік иелеріне дарымаған [1].

Технологиялар дамыған заманда әлем мен ғылымда әр түрлі жаңа өзгерістер орын алуда. Солардың бірі әрі бірегейі «жасанды интеллект». Ғалымдар жоғарыда аталған адамға тән қасиеттерді программалау және жүйелеу арқылы оны бағдарлама айналдыра білді. «Жасанды интеллект» - адамның интеллектуалды қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет. Яғни, адамның қолдан жасаған туындысы десек те болады. Ол сан алуан ақпараттар жүйесін, әр түрлі тілдер мен математикалық есептеулерді де қамтиды. Адамның миы секілді өзіне берілген функцияны орындап, сізбен сөйлесе де алады [2].

Бүгінгі таңда жасанды интеллект қарқынды түрде өмірімізге еніп, сан алуан өзгерістер әкеліп жатыр. Ақыннан бастап, архитектор мамандығына дейін алмастырған бұл жасанды интеллект қай салада болмасын өз орнын табуда. Әлем елдері осы бір жасанды дүниені зерттеумен, оны тиімді пайдаланумен және жаңа нұсқаларын ойлап табумен айналысуда. Яғни, төрт күл дүние елдері үшін жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары өмірдің барлық саласына еніп, мемлекеттік басқару, денсаулық сақтау, білім беру және құқық салаларында кеңінен қолданылып келеді. Бұл ғылыми жұмысты жазудағы басты мақсатым: елімізде ЖИ-дің қарқынды әрі тиімді қолданылуына ықпалымды тигізу, сот жүйесіне жасанды интеллект технологияларын қолданудың теориялық және практикалық негіздеріне талдау жасау, сонымен қатар, құқықтық және этикалық шектеулерді айқындау арқылы құқықтық қолдану тәжірибесін жетілдіру жолдарын ұсыну болып табылады.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллектіні дамыту мәселелерін кеңестер мен жиналыстарда жиі талқылап жүр. Осы орайда 2025 жылғы 11 тамызда Ақорда қабырғсында ЖИ дамыту жөнінде кеңес өткізілді. Аталған кеңесте мемлекет басшысы қазір дүние жүзінде жасанды интеллектінің қарқынды дамуына байланысты сипаты мүлде жаңа технологиялық өзгерістер болып жатқанын атап өтті. Президентіміз: «жаңа технология әлем елдерінің дамуына тікелей әсер етіп жатыр және ЖИ дамудың жаңа мүмкіндіктеріне есік ашады» - деп өз пікірін білдірді. Оның айтуынша Қазақстан алдағы бес жылдың ішінде цифрлық мемлекетке айналуы тиіс және бұл өзгермейтін мақсат болып қалмақ. Яғни жасанды интеллект тек бір саланың емес бүткіл саланың қозғаушы күші болуы қажет. ЖИ – Қазақстанның инновациялық дамуының, цифрлық түрде дербес болуының тірегі болып табылады. Мемлекет басшысының пікірімен толық келісемін. Өйткені, жаңа технологияларды игермей жаһандық бәсекеге төтеп беру мүмкін емес. Өзгелермен тереземіз тең болуымыз үшін, әлемдік қозғалыстан қапы қалмауымыз керек. Сондықтан да, президентіміз мемлекет басшысы ЖИ денсаулық сақтау саласында пайдалану керектігін көтерді. Осы орайда тек медицина саласына ғана емес, бүкіл салаларға пайдалы енгізе білу керек [3].

Жасанды интеллектті қарапайым тіршіліктен бөлек сот практикасында пайдалану мысалдары да қарастырылуда. Сот билігі тәуелсіз институт болып табылады. ЖИ-ді сот жүйесіне қолдану арқылы құқықтық жүйелердің тиімділігін арттыру мен сот процестерін автоматтандыру процесі жүзеге асырылады. Бұл жерде сотты ия болмаса сотқа қатысушы басқа тараптардың орнын алмастыру емес, керісінше оларға көмекші құрал ретінде пайдалану болып табылады. Әлем өзгерістер мен қозғалысқа толы. Осы қозғалыстан қапы қалмас үшін, жаңа технологияларды игеріп, оны оң жағынан пайдалана білуіміз қажет. Қытай, АҚШ, Канада сияқты алпауыт елдерде ЖИ арқылы сот процестерін өткізу пилоттық режимде жүзеге асырылуда.

Сот жүйесінде ЖИ қолдану – әділдікті қамтамасыз ету, шешім шығарудың жеделдігін арттыру және адам факторының ықпалын азайту мақсатында маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Осы орайда «Жасанды интеллект туралы» заңның 4-бабын, атап айтқанда, ЖИ саласындағы қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеудің негізгі қағидаттарын басты назарға алуымыз қажет. Яғни, ЖИ қызметінің тиімді әрі пайдалы болуы

үшін заңдылық, әділдік пен теңдік, ашықтық пен түсініктілік, қауіпсіздік пен қорғалу, жауаптылық және бақылауда ұстау, адамның шешімдер қабылдауында оның саламаттығына, ерік-жігер бостандығына басымдық беру сынды қағидаттарға негізделуі қажет. Мұндағы әр қағидаттың өзіндік мән-мағынасы мен атқаратын функциясы бар. Соған қарамастан олардың басты мақсаты мен міндеті бір болып қала бермек [2].

Цифрлық трансформация дәуірінде ЖИ технологияларын құқықтық жүйеге де белсенді түрде еніп келеді. Жасанды интеллекттің сот жүйесінде қолданылуы – жаңашылдық, ашықтық пен тиімділікті арттыруға жол береді. Дегенмен, оның құқықтық шектеулері мен тәуекелдері де аз емес. Мен бұл мақалада ЖИ-ді сот жүйесіне енгізудің халықаралық тәжірибесі, техникалық және құқықтық аспектілері, сондай-ақ Қазақстанға бейімдеу мүмкіндіктері жан-жақты қарастырдым. Әлемдік тәжірибеде ЖИ-дің сот жүйесінде қолданылуы сот істерін жүргізудің тиімділігі мен ашықтығын арттыруға, адами фактордың ықпалын азайтуға сеп болуда. Дегенмен, ЖИ-дің құқықтық шектеулері, этикалық және дербес деректерді қорғау мәселелері, жауапкершілік шекаралары әлі толық шешілген жоқ. Сондықтан да, осы мәселе қазіргі уақытта өзекті және талқылау мен зерттеуді талап етеді деп есептеймін. Өзекті мәселелерді талдау арқылы оның мүмкіндіктері мен шектеулерін анықтап, болжаған дұрысырақ болады. Өйткені, өзекті мәселе көптің пікірін және ойын білу арқылы өз шешімін табады. Сондықтан да, ғалымдар, жас зерттеушілер мен магистрлер «жұмыла көтерген жүк жеңіл» деп, ғылыми зерттеу жұмыстарын жасау арқылы өз үлестерін қосады.

Соңғы он жылдықта әлемнің дамыған елдері сот жүйелерін цифрландыруға және жасанды интеллектті енгізуге ерекше көңіл бөлуде. 2019 жылы Еуропалық комиссия «Trustworthy AI» этикалық нұсқаулығын қабылдады, онда ЖИ-дің құқықтық жүйедегі рөлі мен шектеулері нақты айқындалған. АҚШ, Қытай, Сингапур, Эстония сынды елдер сот істерін автоматтандыру мақсатында ЖИ негізіндегі платформаларды осы нұсқаулыққа сай белсенді енгізуде. «Сенімді жасанды интеллектке» арналған этикалық нұсқаулыққа бұл Еуро Одақтың жасанды интеллекттің дамуы адамдарға зиян келтірмей, оларға қызмет етуін қамтамасыз етуге бағытталған нұсқаулық [4].

Жалпы жоғарда аталған нұсқаулыққа сай жасанды интеллект технологияларына 7 негізгі талап қойылған:

1. Адами және агенттік қадағалау
2. Техникалық беріктік және қауіпсіздік
3. Құпиялылық және деректерді басқару
4. Ашықтық
5. Кемсітушілікке жол бермеу және әділдік
6. Әлеуметтік және экологиялық әл-ауқат
7. Есеп беру

«Сенімді жасанды интеллектке» арналған ЕО-тың этикалық нұсқауларына көптеген елдер сүйенеді. Олардың қатарында Германия, Ұлыбритания, Италия, Франция, Нидерланд сынды дамыған мемлекеттер бар. Бұл елдер үшін Жасанды Интеллект бойынша жоғары деңгейлі сарапшылар тобы шығарған нұсқаулық басты назарға алынады. Қарап отырсақ, жоғарда аталған «Жасанды интеллект туралы» ҚР заңының қағидаттарымен ұқсастық бар. Жалпылама алғанда нұсқаулық әлем елдері үшін де пайдалы деп есептеймін.

АҚШ-тағы COMPAS жүйесі (Correctional Offender Management Profiling for Alternative Sanctions) сотталғандардың қайта қылмыс жасау тәуекелін бағалауда қолданылады. Бұл жүйе деректерді талдау арқылы шешім қабылдауға көмектеседі, алайда оның алгоритмдік алалаушылыққа ұшырау фактілері қоғамда қызу талқылануда. Бұл технологиялар АҚШ-тың Флорида, НьюЙорк, Висконсин штаттарында тұрақты іске қосылған. Қылмыстарды жасау тәуекелін анықтау арқылы, көптеген қылмыстардың алдын алуға болатыны анық. Бұл сот жүйесіндегі ЖИ қолданысының тек бір ғана көрінісі [5].

Эстонияда e-Justice платформасы арқылы ұсақ азаматтық істер автоматтандырылған режимде өтеді; 2022 жылы бұл жүйеде 7000-нан аса іс қарастырылды. e-Justice платформасы сот дауларын онлайн режимде қарастыруға мүмкіндік береді. Мұнда ЖИ-дің көмегімен талап-

арыздарды қабылдау, құжаттарды сараптау және шешім қабылдау процестері автоматтандырылған. Эстония - барлық цифрлық мемлекеттік қызметтер ұлттық (аймақтық емес) деңгейде сақталатын шағын ел. Жүйедегі қызметтер қатарына: сот құжаттарын электрондық түрде беру, медиация қызметтеріне қол жеткізу, азаматтық істі онлайн режимінде қозғау және т.б. қарастырылған. Бұл жаңажүйе азаматтардың уақытын үнемдеп, сот органдарының жұмысын айтарлықтай жеңілдетті [6].

Қытайда Supreme People's Court 2019 жылы ЖИ-ге негізделген интернет-соттарды іске қосты. Бұл соттарда дау-дамайлар виртуалды түрде қаралады, ал ЖИ-дің көмегімен дәлелдемелер мен құжаттардың шынайылығы анықталады. 2020 жылы Қытайдың интернет-соттарында 1,2 миллионнан астам іс қаралған. Қытай 2030 жылы ЖИ сот процесіне толық интеграциялауды көздеп отыр. Жасанды интеллектті қолданатын Кунпэн полиция тобы алаяқтықты анықтау, қылмыстың алдын алу және істерді тергеу үшін жүздеген жасанды интеллект модельдерін қолданады. Прокурорлар құжаттарды талдау, құжаттарды рәсімдеу және келіспеушіктерді анықтау үшін «Fiscal ai» жүйелері сияқты құралдарды, сондай-ақ айыптау үкімін шығару үшін «Xiao Baogong» сияқты платформаларды пайдаланады. Соттар фактілерді талдау, дәлелдемелерді тексеруді стандарттау және жазалау ауқымын ұсыну үшін «206» жүйесін және соған ұқсас платформаларды пайдаланады, ал «ақылды соттар» бастамалары құжаттарды тапсыру және істерді басқару процесін цифрландырады. Адвокаттар істерді зерттеу және нәтижелерді болжау үшін «Fa Xiaotao» сияқты құралдарды пайдаланады. Назар аударсақ, Қытай үшін ЖИ сот шешімін алмастырушы емес, керісінше тиімділікті арттыру құралы ретінде орныққан. Оған дәлел Қытай полиция офицері Сюй Чэньбоның сұхбаты: «Бұрын кейбір қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді анықтау және жинау қиынға соғатын. Алайда, жасанды интеллектті қолданатын полиция күдікті әрекеттерін тез анықтап, тани алды, ескертулерді тиімді шығарды және көптеген аспектілерде жедел көмек көрсетті». Яғни, ЖИ-ді қолдану қылмыстарды ашуда оң нәтижелер беріп жатыр. Куншань қылмыстық тергеу бөлімі бастығының орынбасары Хэ Юнляньның 2025 жылы қаңтар айында берген есебіне сәйкес: «ЖИ полиция жүйесі алаяқтық құрбандарына 32,4 миллион юаньнан астам қайтарып, тиімділікті бес еседен астам арттыра отырып, 609 телекоммуникациялық алаяқтық істерін шешуге көмектесті». Бұл кибер қылмыспен күресте үлкен көрсеткіштер деп есептеймін [7].

Қазақстанда ЖИ-ді сот істерін басқару, құжат айналымын автоматтандыру, дәлелдемелерді өңдеу және мәліметтерді сараптау, сот шешімдерінің болжамын жасау бағытында енгізу мүмкіндігі бар. Қазақстанда ЖИ-ді сот істерін басқару, құжат айналымын автоматтандыру, дәлелдемелерді тез өңдеу, болжамды аналитика жүргізу бағытында пайдалану мүмкіндігі бар. Әлемдік озық тәжірибелерді ескере отырып, ЖИ-ді пилоттық жоба ретінде енгізу ұсынылады. Мысалы, «Төрелік» ақпараттық жүйесінде электронды құжат айналымы, сот актілерінің деректер базасы қалыптастырылған. Бұл жүйеге ЖИ-ді интеграциялау арқылы істерді сұрыптау, ұқсас істерді автоматты түрде анықтау, шешім қабылдауды жылдамдату мүмкіндігі артады. Қылмыстық процестің сапасын арттыруға бағытталған электронды қылмыстық істі енгізу жобасы Астана қаласы Алматы ауданының №2 сотының базасында іске асырылды. Жоба шеңберінде Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі мен Сот органдарының «Төрелік» ақпараттық-талдамалық жүйесі интеграцияланды [8].

Жоба Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі арқылы тергеу және анықтау органдарының өтінішхатты қосымша материалдарымен бірге прокурорға келісу үшін электронды түрде ұсыну тәртібін регламенттейді. Егер өтінішхатты прокурор қолдаған жағдайда материалдар тергеу судьясына қарау үшін жолданады, оның нәтижесі бойынша прокурор мен сотқа дейінгі тергеуді жүзеге асыратын тұлға тергеу судьясының уәждеделген хаттамасын электронды түрде алатын болады. Бұл пилоттық бағдарламаның ерекшелігі оның уақытты үнемдей отырып, қылмыстық процесті жеңілдетіп, оны объективті әрі толық ашуға мүмкіндік береді.

Елімізде 2025 жылы шілде айында азаматтарға арналған ЖИ құрал- LegalExpert.kz жобасы іске қосылған болатын. Бұл жобада онлайн заңгерлік көмек көрсетілетіндігін алға тартқым келеді. Бұл ел ішінде ЖИ негізінде құқықтық көмек ұсынылатын нақты бастамалардың бірі. Яғни бұл республикамыздағы ЖИ құралдарының құқықтық көмек көрсету саласына енгізіле басталғанының айқын көрінісі. Алдымыздағы жылдарда нақты жобалармен, ЖИ пилоттық жүйелерімен, ұсыныстар мен мүмкіндіктерге толы уақыттар болмақ. Өйткені мемлекет басшысы атап өткендей, еліміз фицрлық мемлекетке айналуы керек.

Қазақстан мен басқа елдерді салыстыра отырып қарасақ, дамыған мемлекеттер өз алдарына жаңа ЖИ жүйелерін құрастырып, оларды мемлекет қызметіне етене енгізуде. Соған қарамастан, біздің еліміде де пилоттық жобалар іске асырылып, еліміздің өзгелерден қалыс қалмауына барша әрекеттер жасалуда. Ондағы басты мақсат: өзгелермен тереземіз тең болып, саяси аренада бірдей дәрежеде бола алу. Сот процестеріне ЖИ біртіндеп енгізіп жатырғандығымыз да бұған дәлел.

ЖИ-дің техникалық мүмкіндіктеріне құжаттарды автоматты түрде классификациялау, істердің күрделілігін бағалау, процессуалдық шешімдер қабылдау жатады. Мысалы, сотқа келіп түскен талап-арыздарды жіктеу, ұқсас істерді анықтау, процессуалдық мерзімдерді автоматты түрде есептеу, құжаттардың толықтығын тексеру – осының бәрі ЖИ көмегімен тиімді орындалады.

Қазақстанда «Төрелік» жүйесінде істердің автоматты түрде тіркелуі, құжаттардың электронды түрде келіп түсуі, процессуалдық мерзімдердің автоматты түрде бақылануы енгізілген. Бұл автоматтандыруды одан әрі ЖИ-мен толықтыру арқылы сот жұмысының тиімділігі артады. Мысалы, ЖИ-дің көмегімен сот актілерінің жобасы автоматты түрде жасалып, судьяға ұсынылады. Эстонияда дауға байланысты негізгі деректер негізінде ЖИ шешім қабылдап, оны судья бекітеді. Осы тұстан Қазақстан мен шет елдік ЖИ арасындағы ұқсас тұстарды байқауымызға болады. Өйткені Қазақстан шет елдік практиканы бақылап, ондағы оқылықтарды қадағалап, соларды жібермеуге бар күшін салып жүр.

ЖИ-дің сот жүйесінде қолданылуы кезінде азаматтардың дербес деректерін қорғау ерекше маңызға ие. ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес, деректерді өңдеу тек заңда көзделген мақсаттарда, дербес деректер субъектісінің келісімімен жүргізілуі тиіс. Алгоритмдік алдын-ала бағыттылық (bias) тәуекелі де өзекті – ЖИ-дің шешімдерінде белгілі бір әлеуметтік топтарға қатысты алалаушылық орын алуы мүмкін. Мысалы, ProPublica зерттеуі бойынша, COMPAS жүйесі афроамерикалықтарға қатысты қатаң болжам жасаған. Қазақстанда ЖИ-ді енгізу барысында дербес деректерді қорғау, шешімдердің ашықтығы мен түсініктілігін қамтамасыз ету, алгоритмдердің әділдігін тексеру үшін арнайы бақылау тетіктерін енгізу қажет.

Осы орайда ЖИ-дің мүмкіндіктері мен қатар шектеулерін де қарауымыз қажет. ЖИ-ді қолдану барысында негізгі құқықтық олқылықтар – дербес деректерді өңдеу, азаматтардың жеке өміріне қол сұқпау, шешім қабылдаудағы ашықтық және жауапкершілікті анықтау мәселелері болып отыр. Еуропалық Одақтың 2021 жылғы «Artificial Intelligence Act» жобасында ЖИ-дің құқықтық тұрғыдан реттелуі, тәуекелдерді басқару, есептілік талаптары нақты көрсетілген. Қазақстан осы тәжірибені ескере отырып, арнайы заң қабылдауы тиіс.

ЖИ сот шешіміне әсер еткен жағдайда, жауапкершілікті кім көтереді: ЖИ жасаушы компания ма, сот органы ма, әлде бағдарламаны қолданған судья ма? ЖИ шешім қабылдау процесіне араласқанда, жауапкершілікті кім көтеретіні — ашық сұрақ. Программалаушы, ЖИ жасаушы компания немесе сот органы ма — заңдық тұрғыдан нақтылау қажет. Бұл – заңдық тұрғыдан шешімін таппаған сұрақтардың бірі. Мысалы, АҚШ-тағы COMPAS жүйесінің қателігі салдарынан заңсыз шешім қабылданған жағдайда, жауапкершілік жүктеу тетіктері әлі толық анықталмаған. Мүмкін болашақта, бұл мәселені қарастыру мақсатында, жобаны құрастырушыға не болмаса жауапты тұлғаға жауаптылық қарастыру керек.

Қазақстанда ЖИ-ді енгізу барысында дербес деректерді қорғау, шешімдердің ашықтығы мен түсініктілігін қамтамасыз ету, алгоритмдердің әділдігін тексеру үшін арнайы

бақылау тетіктерін енгізу қажет. Өйткені, қазіргі цифрлық заманда хакерлердің шабуылына тап болу қауіпі жоғары. Ондықтан деректер қауіпсіздігі жоғары болу керек. Шет мемлекеттерде қауіпсіздік басты назарға алынады. Өйткені жеке деректер қашанда болмасын қнды ақпарат және ол абсолютті қорғауға жатады.

ЖИ-ді енгізуді сот жүйесінің жекелеген салаларында пилоттық жобалар ретінде бастау тиімді. Мысалы, ұсақ азаматтық дауларды, әкімшілік айыппұлдарды, құжат айналымын автоматтандыру бағытында сынақ жүргізуге болады. Бұл кезеңде халықаралық тәжірибелерге сүйеніп, ЖИ-дің жұмысын тәуелсіз сарапшылар бағалап, нәтижелерін талдау қажет. 2023 жылғы «Жасанды интеллектті дамыту тұжырымдамасында» көрсетілгендей, пилоттық жобалар нәтижесі бойынша заңнамалық базаны жетілдіру, дербес деректерді қорғау жүйесін нығайту, алгоритмдік әділдік стандарттарын енгізу ұсынылады [9].

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсақ жасанды интеллектіні сот процесіне қолдану тиімді. Дегенменде онда мүмкіндіктер мен қауіптерді де дұрыс бағалай білуіміз қажет. ЖИ-ді сот жүйесіне енгізу барысында құқықтық және этикалық стандарттарды жетілдіру қажет. Біріншіден, ЖИ-дің шешімі тек көмекші құрал болуы, соңғы шешімді адам – судья қабылдауы тиіс. Екіншіден, ЖИ-дің алгоритмдері ашық әрі түсінікті болуы керек; азаматтар шешім қабылдау процесін түсіне алуы тиіс. Үшіншіден, дербес деректерді қорғау мен құпиялылық сақталуы міндетті.

Қазақстанда Еуропалық Одақтың (GDPR) тәжірибесіндегі нұсқаулықты негізге ала отырып, ЖИ-дің сот жүйесіндегі қолданылуын құқықтық тұрғыдан нақтылау, этикалық кодекстер қабылдау ұсынылады. Бұл ашықтықты, әділдікті және есептілікті қамтамасыз етеді. Өйткені нұсқаулыққа көптеген елдер сүйенеді. Нұсқаулыққа сай ЖИ-тің қызметін толық жүйелендіруге болады. Жасанды интеллектті сот жүйесінде қолдану – ашықтық пен тиімділікті арттыруға, әділдік принциптерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Алайда, құқықтық шектеулер мен тәуекелдерді ескермей, ЖИ-ді толық енгізу теріс салдарға әкелуі мүмкін. Сондықтан, Қазақстан үшін ЖИ-ді кезең-кезеңімен, халықаралық тәжірибеге және ұлттық заңнамаға сүйене отырып енгізу, құқықтық және этикалық стандарттарды жетілдіру – басты міндет. Қазақстанның сот жүйесінде ЖИ-ді толыққанды енгізу бірқатар құқықтық, этикалық және техникалық мәселелерге тіреледі. Қазіргі заңнамада ЖИ-дің нақты мәртебесі, оны қолдану тәртібі, жауапкершілік шекаралары толықтай айқындалмаған. Дербес деректерді қорғау, шешім қабылдаудағы ашықтық, алгоритмдік алалаушылық тәуекелдері – бұл мәселелерді шешу үшін арнайы құқықтық және этикалық стандарттар әзірлеу қажет. Сонымен қатар, ЖИ-дің сот шешіміне әсер етуіндегі жауапкершілік, яғни судьяның, бағдарламашының немесе ЖИ жасаушы компанияның рөлін заң жүзінде нақтылау өзекті.

Қазақстанның ЖИ-ді сот жүйесіне енгізу тәжірибесін халықаралық тәжірибемен салыстыра отырып қарастырсақ, бірнеше маңызды тұжырым жасауға болады:

- Эстония ЖИ-ді сот жүйесіне тиімді енгізген елдердің бірі. Мұнда пилоттық жобалар сәтті іске асырылып, ұсақ азаматтық істер бойынша шешім қабылдау процесі толық автоматтандырылды. Бұл тәжірибе сот жүктемесін азайтып, азаматтарға қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, барлық процестердің ашықтығы мен алгоритмдердің әділдігіне баса назар аударылды.

- Қытай ЖИ-ді интернет-соттарда кеңінен қолданады. Мұнда істерді автоматтандырылған режимде қарастыру, дәлелдемелерді жылдам сараптау мүмкіндігі бар. Дегенмен, Қытайда ЖИ-дің шешімдерін бақылау және жауапкершілік мәселелері көбінесе мемлекеттік реттеуші органдардың құзырында. Бұл елде ЖИ-дің алгоритмдік ашықтығы мен шешімдердің әділдігіне қатысты сын-пікірлер жиі кездеседі.

- АҚШ-та ЖИ-ді сот жүйесінде қолдану тәжірибесі кең, бірақ алгоритмдік алдын-ала бағыттылық және әділдік мәселелері өзекті. COMPAS жүйесі арқылы қылмыстық істерде болжау жасау кезінде әлеуметтік топтарға қатысты әділетсіздік анықталған. АҚШ-тың бұл бағыттағы тәжірибесі ЖИ-ді қолдануда адам факторын, этикалық бақылауды және есептілікті сақтау қажеттігін көрсетті.

Қазақстан үшін шетелдік тәжірибелерден сабақ ала отырып, ЖИ-ді сот жүйесіне кезең-кезеңімен, пилоттық жобалар арқылы енгізу, халықаралық стандарттар мен ұлттық заңнама талаптарын ескеру аса маңызды. ЖИ-дің шешімдері тек кеңесші құрал ретінде қарастырылып, соңғы сөз адамда – яғни судьяда қалуы тиіс. Сонымен қатар, азаматтардың құқықтарын қорғау, деректердің құпиялылығын сақтау және алгоритмдердің әділдігін қамтамасыз ету – басты талаптардың бірі.

Қорыта айтқанда, ЖИ-ді сот жүйесіне енгізу Қазақстанда сот төрелігінің сапасын арттыруға, процестердің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл озық технологияны енгізу барысында халықаралық тәжірибені ескеріп, ұлттық заңнама мен құқықтық-этикалық стандарттарды жетілдіру міндеті алдыңғы қатарда тұруы тиіс. Тек осы жағдайда ғана ЖИ қоғам мен мемлекет мүддесіне толық қызмет ете алады.

Жасанды интеллектті сот жүйесіне енгізу – Қазақстанның цифрлық мемлекетке айналу жолындағы маңызды қадам. Алайда, бұл процесс тек техникалық тұрғыда емес, құқықтық және этикалық тұрғыдан да мұқият реттелуі қажет. ЖИ – сот төрелігінің сапасын арттыра алатын қуатты құрал, бірақ ол адамды алмастыратын емес, оны толықтыратын тетік болуы тиіс. Сот жүйесінің басты қағидасы – әділдік пен адам құқығының басымдығы — сақталған жағдайда ғана ЖИ технологияларының әлеуеті толық жүзеге асырылады.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Казахстан. Национальная энциклопедия. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. — Т. II. — С. 480.
2. Қазақстан Республикасының «Жасанды интеллект туралы» Заңы: 2025 жылғы 17 қарашадағы № 230-VIII ҚРЗ.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. Мемлекет басшысы жасанды интеллектті дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді. — URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-zhasandy-intellektini-damytu-maseleleri-zhoninde-kenes-otkizdi-117142> (қаралған күні: 22.04.2026).
4. European Commission. Ethics guidelines for trustworthy AI. — 08 April 2019. — URL: <https://digital-strategy.ec.europa.eu/en/library/ethics-guidelines-trustworthy-ai> (қаралған күні: 22.04.2026).
5. Brennan T., Dieterich W., Ehret B. Evaluating the Predictive Validity of the COMPAS Risk and Needs Assessment System // Criminal Justice and Behavior. — 2009. — Vol. 36. — P. 21.
6. European e-Justice Portal. My e-Justice space Estonia. — URL: [https://e-justice.europa.eu/topics/taking-legal-action/my-e-justice-space/ee\\_en](https://e-justice.europa.eu/topics/taking-legal-action/my-e-justice-space/ee_en) (қаралған күні: 22.04.2026).
7. Oxford Institute of Technology and Justice. China information (as at September 2025). — URL: <https://www.techandjustice.bsg.ox.ac.uk/research/china> (қаралған күні: 22.04.2026).
8. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының ресми сайты. Жоғарғы сот тергеу әрекеттерін электронды санкциялау бойынша пилоттық жобаны іске қосты. — URL: <https://sud.gov.kz/kaz/news/zhogargy-sot-tergeu-reketterin-elektrondy-sankciyalau-boyyynsha-pilottyk-zhobany-iske-kosty> (қаралған күні: 22.04.2026).
9. Қазақстан Республикасында жасанды интеллектті дамыту тұжырымдамасы. — ҚР ЦДИАӨМ, 2023.
10. Russell S., Norvig P. Artificial Intelligence: A Modern Approach. — 4th ed. — 2020.
11. Goel R. AI in Law and Legal Practice: A Comprehensive View of 35 Current Applications. — Emerj, 2023.
12. Susskind R. Online Courts and the Future of Justice. — Oxford University Press, 2019.
13. United Nations Commission on International Trade Law (UNCITRAL). Digital Justice: Technology and the Internet of Disputes. — 2021.